

**Балаларға арналған Киелі кітап
ұсынады**

**Иса 5000 адамды
тамақтандырды**



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Көптеген діни жетекшілер
(парызшылдар) Иса туралы
өтірік айтты. Кейбір
адамдар Оны өлтірмек
те болды.

Олар Оның шынымен
Құдайдың Ұлы екеніне
сенбеді. Ол Өзінің
Құдайдың
Ұлы екенін
дәлелдейтін
кереметтер
жасаса да,



олар Оны
қабылдамады.


2

Бірде Иса Ғалилея теңізін кесіп өтті. Ол, шамасы, үнемі Өзінің айналасында жиналып жүрген тобырдан демалғысы келген болар. Бірақ халық Оны тез тауып алды. Олар Исаның ұлы кереметтер жасағанын білетін. Олар Онымен бірге болғысы келді.



3

Иса Өзінің шәкірттерін тауға алып келді, сол жерде отырып Ол оларды үйретті. Келіп жатқан адамдар біртіндеп көбей берген. Көп ұзамай кешкі астың уақыты болды. Бәрі аш болса керек.



4

Иса тобырға қарады. «Олар тамақтана алу үшін біз нанды қайдан сатып аламыз?» –деп сұрады ол Філіптен. Таяу маңда ешқандай азық-түлік дүкені жоқ еді. Иса не істемек болды?




5

«Бұл тобырды тамақтандыруға бір адамның жылдық жалақысы керек болар еді», –деп жауап берді Філіп Исаға. Ал Иса мен Оның шәкірттерінде мұндай көп ақша жоқ еді.




6

Баска шәкірт, Әндірі (Шимон Петірдің інісі), Исаға былай деді: «Осында бес арпа наны мен екі кішкентай балығы бар бір бала жүр...».



7

«...бірақ ол осынша адамға не болады!» Әндірі кішкентай баланың асы осынша көп адамды қалай тамақтандыра алатынын түсінбеді –тіпті бала өзінің асын Исаға беруге дайын болса да.



8

Иса: «Адамдарды жайгастырыңдар», – деді. Сонда ер адамдар отырды, саны шамамен бес мың. Ох, шіркін! БЕС МЫҢ! Бұл санға сол жерде болған әйелдер мен балалар кірмеді.




9

Сонан соң Иса нан мен балықты алды. Кішкентай бала Исаға сенім артқан болса керек. Бәлкім ол: «Егер мен өзімнің асымды берсем, онда өзім жей алмаймын ғой», – деп ойлаған да болар. Бірақ ол бәрібір оны Исаға берді.




10

Сосын Иса сиынды. Ол Құдайға алғыс айтты. Бес нан мен екі балық үшін бе? Иә! Иса Құдайға: «Рақмет!» – деп, Одан оны жарылқауын сұрады.




11

Мінәжат етіп Иса нан мен балықты үзіп-үзіп шәкірттеріне таратып берді, ал олар сол нан мен балықты үлкен тобырға бөліп берді. Дәл сол кезде адамдар Иса жасаған кереметті көрді. Әр адам қанша жегісі келсе, сонша жеді. Дегенмен нан мен балық ысырап болмады.



12

Барлығы тамақтанған соң, тағы да көп нан мен балық қалды. «Қалдығын жинап алыңдар, ештеңе ысырап болмасын», – деді Иса шәкірттеріне. Олар бес арпа нанынан қалған қалдықты жинап алғанда, он екі себетті толтырды.



13

Сол күні Иса 5000-нан аса адамды бір кішкентай баланың асымен тамақтандырды. Ал басқа бір жолы Ол 4000 адамды жеті нанмен және бірнеше балықпен тамақтандырды.



14

Қарапайымадамдар бұл кереметтерді көрген кезде, олар парызшылдар сияқты ашуланбады.

Оның орнына олардың айтқан сөздері мынау болды: «Бұл дүниеге келуге тиісті Пайғамбар шынымен осы!»

Олар Исаның Киелі Құдай Сөзінде келетіні уәде етілген Құтқарушы екенін білді.



15

Иса 5000 адамды тамақтандырды

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Жохан 6

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

16



51



60

17

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

18